

## Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөнінде комиссия құру, ол туралы Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірдегі N 2935 Жарлығы

**Ескерту. Жарлықтың атауына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.11.12 N 689 Жарлығымен.**

Наградтау жөніндегі ұсыныстарды алдын-ала қарау және әзірлеу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы заңдарды іске асыруға жәрдемдесу үшін және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы Заң күші бар Жарлығының 7-бабына сәйкес Қаулы Етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия құрылсын:

2. **Алып тасталды - ҚР Президентінің 2002.03.29. N 829 Жарлығымен. (Бұл жарлық РҚАО-ға түскен жоқ)**

3. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

4. "Қазақ Кеңестік социалистік Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы" Қазақ КСР-і Президентінің 1991 жылғы 28 қазандағы N 486 қаулысының және "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2226 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 6

ж ы л ғ ы

2

с ә у і р д е г і

N 2935 Жарлығымен бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия туралы ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия (бұдан былай - Комиссия) награда мәселелері жөніндегі

ұсыныстарды алдын-ала қарау және әзірлеу, награда заңын іске асыруға жәрдемдесу үшін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының, өнер қайраткерлерінің өкілдерінен құрылады.

2. Комиссия Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және мемлекет басшысы бекітетін Комиссияның төрағасынан, орынбасарынан, хатшысынан және 6-8 мүшесінен тұрады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.07.25. N 369 жарлығымен.**

### 3 . К о м и с с и я ғ а :

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын белгілеу және жою, Қазақстан Республикасының награда мәселелері жөніндегі заңдарының жобаларын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан айыру туралы ұсыныстарды, наградаларға құқықтарды қалпына келтіру, мемлекеттік наградалардың көшірмелерін және олардың құжаттарын беру туралы ұсыныстарын қарау;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы заңдарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру, награда практикасын зерделеу және қорыту жүктеледі.

### 4 . К о м и с с и я н ы ң :

1) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік наградаларын белгілеу және жою туралы ұсыныстар, награда мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жобалары туралы қорытындылар, награда заңдарын іске асыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар беруге;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларынан айыру, наградаларға құқықтарды қалпына келтіру жөніндегі ұсыныстар бойынша қорытындылар беруге, мемлекеттік наградалардың көшірмелері мен олардың құжаттарын беруге;

3) мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен лауазымды адамдардан өз жұмысына қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратып алдыруға;

4) награда заңдарын қолдану мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, ұйымдардың өкілдері мен лауазымды адамдарды тыңдап отыруға;

5) ерекше көзге түскен азаматтарды мемлекеттік наградалармен наградтау мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына ұсыныстар жолдауға;

6) мемлекеттік наградалар туралы заңдардың қолданылу мәселелері жөніндегі шығымдарды қарауға;

7) азаматтарды наградтау, басқа да награда мәселелері туралы келіп түскен ұсыныстарға қорытындылар әзірлеу үшін қажет болған жағдайда ғалымдарды, жұртшылық өкілдері мен мамандарды тартуға қақысы бар.

5. Комиссия отырыстары қажеттілікке қарай өткізіледі және оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысқан жағдайда құқылы деп е с е п т е л е д і .

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2002.03 .29 N 829 Жарлығымен.**

6. Комиссия отырысқа қатысқан Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен шешім қабылдайды. Комиссияның шешімі сұрау салу тәртібімен де қабылдануы мүмкін.

7. Комиссияның шешімдері, ұсыныстары, қажет болған жағдайда тиісті мемлекеттік органдарға, ұйымдарға жолданады және Комиссия белгілеген мерзімде міндетті түрде қаралуға тиіс.

8. Комиссияның қызметін қамтамасыз етуді Президент Кеңесі жүзеге асырады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.11.12 N 689 Жарлығымен.**